

Zhusup Kopeev in the preservation and development of folklore traditions of the Kazakh people, the importance of assessing the impact of his work on subsequent Kazakh literature is taken into account.
Key words: memorial lyrics, folklore, folklore tradition, personality, Mashkhar Zhusup.

REFERENCES

- 1 Bajtursynuly A. Zhyrma ysh zhoktau [zhinaq]. Alty tomdyq shygarmalar zhinagy [Twenty-three laments]. – Almaty: El-shezhire, 2013. – 382 p. [in Kazakh]
- 2 Auezov M. Qazaq әдебиетинин тарихы [History of Kazakh literature] – Almaty: Qazaq SSR Gylym Akademiyasynyn baspasy, 1918. – 442 b. [in Kazakh]
- 3 Uahatov B. Qazaqtyn tyrmys-salt zhyrlarynyn tipologiyasy [Typology of Kazakh ritual ceremonies] – Almaty: Qazaq SSR-inin «Gylym» baspasy, 1983. – 161 b. [in Kazakh]
- 4 Margulan Ә. Ezhelgi zhyr, anyzdar [Ancient poems, legends] – Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 b. [in Kazakh]
- 5 Fabdullin M. Qazaq halqynyn auyz әдеbieti [Oral literature of the Kazakh people] Oqu qural. Almaty: Rauan, 2013. – 458 b. [in Kazakh]
- 6 Negimov S. Shygarmalary, II tom. Zertteuler, esseler zhәne oj-tolganystar [Research, essays and reflections] – Astana: Foliant, 2015. – 400 b. [in Kazakh]
- 7 McCarroll C J., Yan K. Mourning a death foretold: memory and mental time travel in anticipatory grief // Springer nature link. Phenom Cogn Sci. – 2024. <https://doi.org/10.1007/s11097-024-09956-z> [in English]
- 8 Akoyunoglou M. Exploring the function of the female lamenter in the bereavement process: a case study in Chios Island // Research Gate. – 2020. – pp. 339-357. [in English]
- 9 Bailey T., Walter T. Funerals against death // Routledge Taylor&Francis Group. – 2015. – Pages 1-18. [in English]
- 10 Kөpejuly M.Zh. 20 tomdyq shygarmalar zhinagy [20-volume collection of works] I tom. – Pavlodar: EKO, 2013. – 519 b. [in Kazakh]
- 11 Babalar sözi: Zhyztomdyq [One hundred volumes] – Astana: «Foliant», 2013. T. 91: Furyptyq fol'klor: Mұn-sher өlenderi. – 432 bet. [in Kazakh]
- 12 Luca T. Cultural mediation of grief: the role of aesthetic experience // Sage. Culture and psychology.– 2023. –Vol. 29 (3). pp. 411-433. <http://dx.doi.org/10.1177/1354067X221145901> [in English]
- 13 Kөpejuly M.Zh. 20 tomdyq shygarmalar zhinagy [20-volume collection of works] II tom. – Pavlodar: EKO, 2013. – 434 b. [in Kazakh]
- 14 Kөpejuly M. Zh. 20 tomdyq shygarmalar zhinagy [20-volume collection of works] IV tom. – Pavlodar: EKO, 2013. – 546 b. [in Kazakh]

Received: 01.07.2025

FTAMP 17.71.91

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp311-326](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp311-326)

Г.Т. Тлеубердина¹, Г.М. Каналина¹, А.Б.Манас¹, К.А.Толубаева²

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

²Е. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық-зерттеу университеті, Қарағанды, 100024, Қазақстан

АЙТЫСТАҒЫ ДИАЛОГ ПЕН МОНОЛОГ ҚЫЗМЕТІ

Ежелден халық тұрмысымен біте қайнасып, бойымызға сіңген синкретті өнеріміздің бірі – айтыс. Көрерменінің жанын қоздырып, қиқуға салғызатын осы өнердің түп тамырына үңіліп, мақалада құрылымын талдауды мақсат еттік. Бүгінде көпке белгілі бұл өнердің

бастауы қайдан және нендей ерекшелікке ие екені толық жалпыға таныла бермей келеді. Айтыс өнерін жан-жақты әлі де зерттеуді талап ететіні белгілі, сондай бір қыры – айтыс құрылымындағы диалог пен монолог қызметін нысанаға алдық. Бұл мақалада қазақ халқының дәстүрлі ауыз әдебиеті жанры – айтыс өнерінің маңызы мен негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Айтыс – халықтың мәдениеті мен ақпарат тарату қызметіндегі маңызды рөл атқарған өнер түрі ретінде сипатталады. Мақалада айтыстың диалогтық құрылымы, оның тарихи тамыры, сондай-ақ айтыскерлердің халықпен өзара әрекеті мен ақындық шеберлігі талданады. Ғалымдардың еңбектері негізінде айтыстың поэтикалық диалог ретінде қалыптасуы, оның әлеуметтік-мәдени қызметі мен дәстүрлі сипаттары зерттеледі. Айтыстың маңыздылығы мен оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орны атап көрсетіледі. Диалог пен монолог ұғымдары көпшілікке таныс болса, оның айтыстағы орынын бағалауға бет бұрамыз. Айтыстың диалог пен монологқа негізделген қырларын ашып, айтыскер ақындар шығармаларынан мысалдармен дәлелдер келтіруге тырыстық. Әсіресе, айтыстың салтымыздағы орыны мен тұрмысымыздағы бой көтерген тұстарын айтысқа арнайы тоқталған ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу жұмысын жүргіземіз. Алқа топтың алдында айтыскер ақындардың диалог пен монологты өз мақсаттарына қарай ұтымды қолдануы, сол арқылы көрерменіне жол табуы талданады.

Кілт сөздер: Айтыс, айтыстағы диалог, айтыс монологы, қазіргі айтыс, айтыс мәселесі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ халқында мәдениет жалғастығы мен ақпарат тарату қызметін жоғары дәрежеде атқарған – айтыс өнері десек, артық айтқандық емес. Айтыскерлер өз дәуірінің айнасы ғана емес, халыққа жөн сілтеуші ретінде де қызмет атқарғаны белгілі. Айтыс өнері өзіндік ерекшелігіне сай, халықпен тығыз байланыста дамып отырады. Ақындар тыңдарманын тек суырып салмалығымен ғана емес, халықтың тыныс-тіршілігімен жақын таныстығын сездіріп, актуалды мәселелерін көтеріп, халықпен интерактивті байланыс орнатады. Көптің алдында сөз сөйлеу қандай жауапты, кез келгеннің ырқына көнер оңай жүк емесі белгілі. Оның үстіне, тосып отырған тыңдарманның көңілінен шығар ой қозғап, қарсыласпен де әсерлі сұхбат орната білу керек. Сол себептен де тыңдаушы халық айтыскерлердің ақындық таланты мен тауып айтылған шешендігіне арқалары қозып, дөп басқан ақпаратқа ықылас қойып, қошеметтерін білдіруден жалыққан жоқ. Бүгінде көпшілік айтыс өнерін жоғары бағалап, құрметтерін көрсетуден еш тайынбайды. Мәнісін айтыс өнерінің түп тамырына үңілмей таппасымыз анық. Айтыс өнерінің құрылымы жайында зерттеушілер еңбегінен іздестіре келе, ондағы диалог пен монолог қызметі анықталады. Ол үшін А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, М.Жармұхамедұлы, С.Дуанаева, Ж.Жақыпов, Е.Фирулина, К.Камзин еңбектері талданып, пікірлері қарастырылады.

КІРІСПЕ

Айтыстың түп тарихына үңіле келіп, біршама елдерде де шешендікпен қоршаған орта, шежіре, тарихтан сыр шертетін ұқсас өнерлерінің болғанын байқаймыз. Мәселен, араб тайпаларында, парсы елінде, орыс халқында және басқа да елдерде ұқсас әдеби өнерлердің бар екенін білеміз. Осы тұста ғалым М.Әуезовтің айтыс өнерінің өзге елдерде болғанын, бірақ қазақ халқының айтыс өнері бүгінге дейін ақындық суырып салмалығын сақтаған ерекше құнды өнер екенін, «қазақ халқының аса бір ұлы қасиеті сол қынаптан суырып алған қылышдай қолма-қол қиып айтатын айтқыштығында, айтыскерлігінде, бұл қай халықтың алдында да мақтануға тұрарлық өнер» [1,3], -деп бағалуында жатыр. «Қазақтікі сияқты әдебиет тарихының бөлімі болып етек алып тараған емес. Қазақтың кәрі, жасындай айтысты қызық көріп қызуланып, тегіс өнер қылып, жалпақ ел ұстанған емес. Қазақтағы айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел тартысының бұрынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей

қызық беретін жиын сауығы болған» [2], - деген пікірі айтыстың қазақ әдебиеті тарихында алатын орнын айқындап берді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Айтыстың дамуы алқалы топ алдында ашық және мазмұнды ақпарат алмасу жолымен жүреді. Ашық не астарлы жарыса сөйлеудің туындауына негіз – айтыс диалогы. Екі ақынның халық алдындағы өнері негізінен ойлы жауаптасудан, ақындық таланттың бәсекелестігінен, тауып айтудан туындайды. Адамзат тарихындағы «баға беру, уағыз айту, насихат жүргізу, өнеге көрсету, ашық пікірсайысқа түсу – ерте заманнан серіктескен үрдіс, ол адам баласы мінез-құлқының реакциясы, есті жанның ескертпесінің» бүтіндей көрінісін айтыстан табамыз» [3,183]. Яғни, айтыс өнеріндегі екі қарсыластың бір-бірін теріске шығарып, жауаптасудағы қолданатын басты тәсілі ол – диалог. «Диалог (грек.dialogos –сөйлесу, әңгімелесу), сұхбат – ауызекі әңгімелесу пішіні, екі не одан да көп адамдардың пікір алысуы; ғылыми және көркем әдеби шығармаларда қолданылатын тәсіл» [4,158]. Айтыскердің жеңіс үшін күресі диалогқа негізделген. Ұтымды құрылған диалог-бүгінгі күні айтыстың дамуына ықпал ететін басты құрал. Айтыс диалогы сипатының ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын, оны қарастырған ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне тоқталайық. Біз айтыс өнерін тек фольклорлық жанр, ауызша әдебиет түріне жататын шешендік өнер деп санаймыз. Бұлай тануымыз тарлық етеді. М.Жармұхамедұлының: «Арғы түбі сонау көне замандардағы топталып хормен айтылатын «Бәдік», «Жар-жар» секілді тұрмыс-салт жырларынан басталып, дамуында қауымдасудың сан қилы белестерінен өткен бұл жанр бірте-бірте әдебиетіміздегі кең арналы ақындар айтысына келіп ұласқан» [5,18], - деген болжамынан айтыстың даму жолын аңғарамыз. Олардың ішінде диалогтың ерекше функциясы үйлену рәсіміне қатысты өлеңдерде байқалады. Қыз ұзату атқарылатын тойда жар-жар, сыңсудың диалог, хор күйіде әнмен шырқалды. "Жар-жар" дәстүріндегі жігіт пен қыздың диалогы поэтикалық түрде көрінеді. Жігіт қойған сұраққа қыз нақты жауап бермейді және өзінің ішкі уайымын береді, яғни диалог анық көрінбейді. Зерттеуші М. Жармұхамедов: «Оларда жүйелік мазмұн, логикалық байланыс бола бермейді» [3,10] - деп жазуының себебі осында болса керек. «Жар-жар екі адамның айтысы арқылы да, хор арқылы да, сонымен қатар екі жақтың бөлініп (қыздар мен жігіттер) өлең айтуы және екі адамның өлеңінің қайырмасына ғана қосылу ерекшелігі жар-жардың көп құрылымдығын танытады. Бірақ, қай түрін алсаңыз да диалог арқылы жасалғанын аңғару қиын емес. Диалог арқылы адамның психологиялық ерекшеліктері байқалады. Олардың мінез-құлқы, кеткелі тұрған қыздың жай-күйі, ішкі жан дүниесіндегі алай-дүлей сезімдер – бәрі сол диалогта анық айтылады» [7,13]. Байырғы айтыстарға енген салттық сөздердің үлгілерін тексере отырып, қазақ ғалымдары айтыс жанры бастапқыда қандай да бір рәсімді орындау кезінде топтық түрде айтылатын, содан дами келе, кейін ұлттық өнерге айналған шаблондық өлең деген қорытындыға келді. Осы өнер түрінің алғашқы жазба мұраларда белгіленуі Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғаат-ит-түрік» атты кітабындағы қыс пен жаздың айтысы, Ахмет Яссауидің «Диуани хикметінде» кездесетін жұмақ пен тозақтың таласын айтыс үлгісі деуге болады» [8,9]. Бұл жайт мысал түріндегі айтыстардың ежелгі заманнан бері классикалық дәрежеде дамып қалыптасып, түркі халықтарының ортақ жазба әдебиетінде де көрініс тапқанын білдіреді.

Айтыс диалогы бойынша арнайы зерттеу жүргізілмегенімен, бұл туралы жақсы пікір білдірген «Қазіргі айтыстың ақындары» еңбегінің авторы ғалым С.Дуанаеваны атауға болады. Еңбекте ғалым айтыстың өту процесінен бұрын оған деген дайындықтан айтыстың маңызы бастау алатынына тоқталады: «Айтыстың өту процесі – қайталанбас құбылыс. Айтысқа дайындықтың өзі жеке сөз етуге тұрарлық, себебі айтыстың қалай болатындығы, яғни нағыз қажетті шарттар, тікелей дайындыққа байланысты» [6,22, 78], –деп дайындықтың қаншалықты маңызды екендігінен сыр ашады. Негізі айтысқа толық дайындалған өз алдына ізденіс жасау жауапкершілік болғанмен, додаға түсер тұста толқудың да болуы орынды. Себебі жүрегі селт етпеген ақыннан жүрекке жететін сөз шығуы екіталай. Ол жөнінде Бекарыс Шойбеков айтыс

алдында жасалатын дайындығы барысында «Кімнің есінде?» атты бағдарламада берген сұхбатында ұстазы Әселхан Қалыбекова апайының сөзімен бөліскен болатын: «Айтыстың алдында уайымдайсыңдар, толқисыңдар. Ол өте жақсы. Толқу деген – қорқу деген нәрсе емес. Толқу деген – организм жұмыс жасап жатыр деген: ойың, миың, сезімің – барлығы жұмыс жасап жатыр деген. Осы нәрсе жақсы. Айтысқа селт етпей барғаннан гөрі, жан дүниені жанып, жұмыс істеп барған жақсы» [<https://youtu.be/Qn1xb75xovc?si=X3qlGmiDpeVXcCWA>], -деп толқынысты басынан кешіріп барған айтыстары шындығында жақсы өткенін байқағанын айтты.

С.А Дуанаева жоғарыда аталған осы бір еңбегінде айтысқа аса үлкен жауапкершілікпен кірісу маңызына тоқтала келе, оның екі түрін атап көрсетеді. Яғни, айтыста ақындардың сөз бастауда қолданатын екі тәсілі барын атап, бірі ащы айқаймен, өктем де екпінді бастауды жөн көрсе, енді екінші бірі тоты құстай таранып, өзін қияға ұшқан қырынға балап, маңына шаң жуытпай, осал еместігін қарсыласына сыпайы жеткізуді жөн көреді [6,30].

Айтысқа арнайы тоқталған ғалым М.Жармұхамедұлы өзінің зерттеу еңбегінде Әсет пен Ырысжанның айтысындағы диалогтың өтуін былайша талдай келе, ел арасындағы аты көпке мәлім, айтыста тәжірибесі мол бола тұра Әсет ақын Ырысжанмен кездескенде оның тапқырлығы мен шешендігінен алғашқыда ес жия алмай сескенгенін өз мойындауынан аңғаруға болатынын жеткізеді. Бұл жайды Әсет ақын өлең жолдарына дәл түсірген:

«Көп түскен тайталасқа қайран басым,
Жүрегім арпалысты аттай тулап.
Осы кең дүниені бір уыс қып...
Сөзінің қайран қалдым кірін таппай,
Кенедей лебізінің мінін таппай.
Жүйрік ем жеке шапсам, жан салмайтын,
Адастым айтар сөздің бірін таппай!
Қамалып тұтқиылда қалдым тұрып,
Қайымның қасып айтар ағын таппай.
Басында басқынлатып бір аз ғана,
Қыз алды сөзбен кегін атпай-шаппай» [5,63].

Мысалдағы айтыс жолдарынан Әсет ақынның қиналғанын көруге болатын тұстарын дәл мысалмен келтіріп, халық алдында өнер көрсетудің қаншалықты ауыр және осындай күйде ақынның сөз табудағы шеберлігі айтыс диалогының өзіндік ерекшелігін паш етеді.

П.М.Адиеваның ғылыми еңбегінде: «Қазақ ауыз әдебиетінде бүгінгі күнге дейін жетіп келе жатқан, дамыған айтыс таза диалогтың жемісі. Сөзбен сайысқа түскен екі ақынның диалогы ешкімнің түсіндіруінсіз, анықтама беруінсіз жеткен диалог екені сөзсіз. Демек, айтыстың тууына себеп болған тұрмыс-салт өлеңдеріндегі жар-жар, сыңсу, беташар, тойбастар, бәдік сынды жырларда да диалог әртүрлі қызмет атқарады» [10, 26], -деген қорытындыға келеді.

Ғалым Ж.Жақыпов былай дейді: «Қазіргі терминге айналған «айтыс» сөзінің мәні қайтсе де диалогке келіп тіреледі. Оған нұсқап тұрған –«ыс» жұрнағы. Диалогті қазақ тіл білімінде қазір «сөйлесім» деп жүр. «Айтыс» пен «сөйлесім», ортақ құбылыстары бола тұра, өзіндік сипаттары бар екі түрлі нысан. «Сөйлесім» жалпы тектік мәнде қолданылып, айтысты да қамтыса, «айтыс» -сөйлесімнің халық поэзиясындағы өзгеше бір көрінісі» [11; 83-87], осылайша айтыстың философиялық әрі әдіснамалық негізін ескеруді ұсынады. Айтыстың диалогтік мәнін ашуда да, айтыстың ауызша орындалуы ауызекі диалогтан басталатынын алғаш сөз еткен көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсыновтың: «Өлеңсіз айтыстың аты әзіл-ерегес болады. Бәлки өлең айтыс та о басында әзілден, ерегестен шыққан болар» [12,105]- деген болжамы айтыстың арғы тегінен хабар етсе керек.

Тұрмыстағы ауызекі диалогтың құрылымы мен өзіне тән ерекшелігі көпке таныс. Диалогта сөйлеуші сөзінің толымсыздығы, аяқталмауы, сөздер қысқалығы әрі сезімділігі жиі кездессе, осындай сипаттар айтыс диалогіне де тән. Яғни, «қарым-қатынастағы еркіндік,

бейресмилік, шегерімділік, эмоция, үнемділік, ауызекі форманы айтыстағы диалог қамти алады»[13,11-18].

Ахмет Байтұрсынов еңбегінен білеміз, әдебиеттің тегін жіктеуде «айтыс» деп бүгінгі күнгі «драманы» атайды. Ол «айтыс – тартыс – арпалыс» мағынасында қазіргі драманың қазақша тегін айтыстан жіктейді. Осы ойды М.Әуезовтен де аңғарамыз: «Анығында ақындар айтысының негізінде, өзгеше жанрлық бітім мазмұнында, қолдану дәуірінде қазақтың халықтың театрлық өнерінің мол белгілері бар. Халық театрының анық, дәл ұрығы бар деуге болады»[14,10].

Айтыстың драмалық көрінісі – диалог құрылған мекенінің, яғни айтыс мекенінің, белгілі бір аудитория алдында болуы, яғни үшінші жақтың қатысуы міндетті. Ол мекен, ең қасиетті орын – айтыс мінберінде өтуі сахналық диалогты құрайды. Е.Г.Фирулина өзінің «Диалог как вид культурной солидарности» атты зерттеу еңбегінде сахналық диалогты үнемі қозғалыстағы тірі ағзаға теңей келіп, оны нағыз қарым-қатынас мектебі дейді. Себебі ол диалогта суреттелетін жеке адамның сөйлеу мәдениетінің, мінезінің көрінісін толық қамтыса, сонымен қатар сахнадағы диалог автордың жеке басының танымын ғана білдірмей, түгел бір кезеңнің, әлеуметтік топтың талғамы мен дүниетанымын, қоғамның психологиясын береді деп бағалайды[15,76-79]. Яғни айтыстағы диалог өз қоғамының біршама шынайы бет-пердесін танытады. Осы сында ғалымдардың құнды пікірлері талданып, салыстырыла талданады. Зерттеу тақырыбымыз ұлттық көлемде үлкен маңызға ие болғандықтан, әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулеріндегі салыстырмалы талдаулары, одан шыққан қорытындылары мен құнды ойлары есепке алынды.

Айтысты зерттеу барысында тақырыпты ашатын айтыс үзінділерін топтастыру, басқа сөздермен ажырату үшін салғастыру және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар зерттеу жұмысын жазу барысында текстологиялық, анализ-синтез сынды әдіс-тәсілдер қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Айтыс – фольклордың жемісі екенін естен шығармау қажет. Сондықтан фольклордағы диалогтық ерекшеліктермен байланыстырмай қарауға болмайды. Фольклордың өзіндік ерекшелігіне шығармашылық үдерістің анонимділігі, ауызша-поэтикалық көпнұсқалылығы, ұжымдылығы жатса, жалпыадамзаттық мазмұны – адамдардың өзара қатынасы кезіндегі эстетика мен қатынас құралының өміршеңділігінің бастауы болып табылады. Ойымызды одан әрі дамыта түсетін М.Жармұхамедовтың: «Қазақ еліндегі айтыс, жеке адамдарға тән өнер түрі болумен қатар, ең алғашқы туыс бітімінен – көптік жанр. Айтыстың әуелден кең өркендеп дамуына әркез бүкіл халық болып ат салысып келген»[7, 96], -деген ойынан айтыстың халықтық шығармашылықтың жемісі екендігі, айтысты ауқымдық тұрғыдан қарастыруды меңзеді. Яғни «жазба ақындар оңашалықты сүйсе, айтыскер қаумалаған қауымды қалауы, өнерінің табан астында бағаланып, жұртшылық алдында қанаттануы – айтыс ақыны психологиясының ерекшелігі. Айтыскер мен халық арасындағы бөліп-жаруға келмейтін өзара тарихи тұтастықтың байланысын тануға болады.

Айтыс диалогын жаңаша қырынан қарауға шақырған К.Камзин болатын. Өзінің зерттеу еңбегінде қазақ журналистикасындағы сұхбаттың басы қарапайым күйбің тірлікті сөз етуден, ел турасында екеуара әңгіме құрудан басталады дей келе, «Ұлттық журналистикасының даму тенденциясына көз жүгіртер болсақ, сөз сөзді жетілдіріп, пікір пікірді қоюландырып, көркем ойға, жарыспалы поэзиялық мәтінге дейін жеткен. Қазақ ауыз әдебиетінің биік шыңы болып табылатын мәдени полемикалық сарындағы ақындар айтысы осылайша публицистік, поэтикалық диалогпен кемелденген», - деп айтыс диалогын тереңдете зерттеуді ұсынды.

Айтыс көпшілік алдында екі ақынның бір мәселені өзара дауласуы, сол туралы көзқарасын білдіруі, жеке позициясын сақтап отыруы жатады. Бұл тұрғыда айтыс диалогының диалог-дауға, пікірталасқа келеді. Дау жүргізу өнерін ежелгі гректер эристика деп атаған. Алғашында эристиканы дау арқылы мейірімділік пен шындықты іздестіру құралы ретінде

қарастырған. Ол айтылатын пікірлердің дұрыстығына сендіру және адамды орынды мінез-құлыққа тәрбиелеуі тиіс еді. Бірақ уақыт өте келе бір ғана мақсатты көздеді – қалай жеңіп шығу әдісін үйрету, яғни ақиқат пен әділдік маңызды емес болды. Дауда жеңіске жетелейтін әдіс-тәсілдер кеңінен таралған. Атап айтқанда, неміс философы А.Шопенгауэрдың пайымдауынша эристика – тек бір жақты дұрыс болу мақсатындағы дау не рухани семсерлесу өнері деп есептелінеді [8, 306-307]. Ғалым Н.Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты зерттеу еңбегінде: «Пікірталас – идеялар жарысы. Пікірталасқа қатысушылардың қай-қайсысын да идея байытады. Пікір жарыстыру, пікір таластыра білу-өнер. Бұл өнерді, ғылымда «эристика» деп атайды. Эристика логика, психология, этика, риторика негізінде жасалған білім мен дағдылар жүйесі» [4,309], -дейді. Айтыс өнері де идея жарысы. Айтыскер ақынның ойы шұрайлы сөзбен байытылса, ойдың өзі идеядан туады. Айтыстың өзі логика, психология, этика, шешендік өнер негізінде жасалған білім және дағдылар жүйесі. Сондықтан айтыскер ол – феномендік қасиетті бойына дарытқан ақын деуге болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Айтыстың даму тарихынан екі ұғым қатар келеді: біріншісі, халық алдында ақындар тек ақиқатты айту қабілеттілігімен үстемділігін танытса, екінші, қарсыласты жеңу үшін бар мүмкіндігін салатындар бар. Алайда қазақ айтыс өнерінің эристика, софистика дауларынан айырмашылығы «дауды қандай жолмен болса да жеңіп шығу» деген емес, керісінше айтыста шындықты ортақ қазық ете отырып жеңіске жетуді көздейді. Енді бүгінгі айтыскерлерден мысал боларлық дәлел қарастырып көрейік. 2015 жылы Шорабек Айдаровтың 60 жасына арналған республикалық ақындар айтысында Айнұр Тұрсынбаева өзінің әзілі жарасатын, «ескі жау атыспаққа жақсы» демекші, Айтақын Бұлғақовпен жолыққандағы Айтақынның мынадай шабуыл жолдарына:

Айтыс сайын жеңіліп Жандарбектен
Тісінді мына маған қайрап жүрсің.
Балаңнан кеткен кекті қайтарам деп
Әкесін оңай олжа ойлап жүрсің.
Жыланның жеті кетсе кесек еті
Қауқары барын қайдан білсін.
«Ас болсын», «Жұлдызды айтыс»-барлығында
Қызғалдақтай құлпырып, жайнап жүрсің.
Шоулардың айтысынан шықпаушы едің,
Шалдардың айтысында қайдан жүрсің?
Ай, жирен де емес, күрең де емес, айқасқамын,
Кең тастап құлашымды жай басқанмын.
Сүйінбайша сүйкейін сұлуларды,
Қыздарға есе берсем, қай сасқаным.
Қызыл көрсе шүйріккен, көріп пе едіңдер,
Қыранның бөтегесін май басқанын?
[<https://youtu.be/biy2fEhNKbc?si=RvquO63XARTSTP73>].

«Қыздарға есе берсем, қай сасқаным», «көріп пе едіңдер, Қыранның бөтегесін май басқанын?» - деген қарсылас ақын тарапынан көрсетілген сеске Айнұр Тұрсынбаева селк етпей, керісінше, тапқырлық пен ақындықтың шеберлігін таныта отырып, жиналған көрерменмен амандаспастан ұтымды жауап қайырды:

...Бұл Айнұр қайдан жүруші еді,
Шөкеңнің тойын тойлап жүр.
Айтақын болса, ағайын,
Бала-шағамен ойнап жүр.
Қатарластарын менсінбей,

Жастарға тисіп сайрап жүр.
Қыз -қырқын көрсе, құтырып,
Көздері жалт –жұлт жайнап жүр.
Аузында дұрыс мақал жоқ,
Иегінде бір сақал жоқ.
Қаратауымның төрінде

«Құтырған» шалдар қайдан жүр, –деп көпшілікті күлкіге қарық қылды, көптің ықыласын өзіне бұрып алды. Содан соң сәлемдесу ізетімен айтысын жалғастырды. Соңғы кездері ақындардың бірін – бірі тұқыртудан гөрі, қолдауы мен мақтауы жиі кездесіп жатады. Әлде, тәуелсіз елдің азаматтары боп, бір елдің атынан шыққан ақындар болған соң ба деген ой қалады. Осыған дәлелді 2018 жылы Астанада өткен «Алтын домбыра» додасында жолыққан Ринат Зайтов пен Мұхтар Ниязов айтысында Ринаттың халық алдында екеуін бірдей рухтандыра сөз бастауы ерекше болды:

Көсілсе «жаман балаң» шапқан аттай,
Соқса да қандай боран бет қаратпай.
Армысың, менің адал жанашырым,
Көрермен көңілі бар ақ парактай.
Алаулап кетейінші Астанада
Алаңда 86 жаққан оттай.
Бір сәлем ақындардың молдасына,
Үміттің мініп келген жорғасына.
Қайтадан жолығыстық осы жерде,
Тағдырдың белгісі ғой ол да, сірә.
Самғайық қос қырандай бір аспанда
Қалмайық өкпелесіп болмашыға.
Ақынға ақын дұшпан бола қоймас,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.
«Оқтаулы мылтық» деуші еді бізді кейде,
Көнбейтін «Нұр Отанның» нормасына.
Ал сені «бомба ақын» дейді екен ғой,
Жатасың жасырынып жолда, сірә.
Бұл аттар бізге тегін қойылмаған,
Ендеше ара ашпай ер қасыма,
Қазақтың ақиқатын айту үшін,

Атылсын «мылтығы» да, «бомбасы» да! –деп келіп, қарсылас ақын боп келіп отырған Мұхтар Ниязовтың ортақ қазақ даласының сен де бір қыран құсысың, «Самғайық қос қырандай бір аспанда» деп жақсы ниеттес екендігін сездіреді. Ол да болса, ізін басып келе жатқан жас ақынға демеу. Мен «Оқтаулы мылтық» болсам, сені «Бомба ақын» атандың, «Қазақтың ақиқатын айту үшін, Атылсын мылтығы мен бомбасы да» деген жолдары арқылы халық өзі берген атаққа лайық өнер көрсетуге шақырып, мерейін бір көтере төкпе жырға қосады:

...Ниязов Мұхтар өр інім,
Мақтанышым сен едің,
Сөзіндей болған бабаның
Көзіндей болған көненің.
Сәждеге тиген маңдайы,
Тақылдап тұрған таңдайы.
Елі үшін туған ер едің.
Ашылып айтсаң адал жыр,
Табылған сенен керегім,
Шапқан аттай заулаған,
Шаппа-шапқа да шеберім.

Алты Алаштың алдында
Асқақтай берсін беделің.
Бір құдай куә сөзіме,
Мен сені жақын көремін.
Мына отырған жұртыңа,
Аз емес сенің берерің.
Ал енді көсіл, чуу Мұхтар,
Сырданияңның суындай,
Сарқырап ақсын өлеңің,

[https://youtu.be/FJ_qA2R42CE?si=f74SAYEN_Lhi8-wr]-деген отты жыр жолдары кімге болса да қанат бітіреді. «Шапқан аттай заулаған, Шаппа-шапқа да шеберім» - деген жолдарынан байқаймыз, қарсыласының осал еместігін де мойындап қояды. Ақындар бір тақырыпқа екі түрлі көзқараспен қарауы кездесіп қалғанмен, кейде бір бағыт танытуы, бір ойдың жетегінде айтысуы, айтылған шындықты ары қарай деректі ақпараттармен толықтыра отырып айтысу үрдіске айналған. Мәселен, Мәлс Қосымбаев пен Мұхамеджан Тазабековтың айтысынан үзінді келтірер болсақ.

...Мұсылман болсаң момын бол,
Таусылмасын тағатың.
Періштелер мекендер,
Жеті қат көктің қабатын.
Әулие, сопы, шайырлар,
Алла деп аят оқыса,
Дәрия теріс ағатын.
Білімің бар адамсың,
Осыған кәне жауап бер,
Екі жансыз, екі арам,

Пейішке кім еді баратын? –деп қарсыласын сынамаққа Мәлс Қосымбаевтың қойған сауалына М.Тазабековтың берген ұтқыр жауабы:

Мәлс-ау, айтқан сөзің нықталады,
Иманмен орындалсын ұлт талабы.
Жеңіл сөзден сүрінер деп ойлап па ең,
Мұндайға мұсылмандар мұрт қағады.
Білген жанға сауалың өте оңай,
Қиын боп көрінгенмен сырт талабы.
Әуелі Мұса пайғамбар үшке бөлген,
Жәннатқа қайта тірілген құс барады.
Сонан кейін құранда атын айтқан,

Үңгірде бірге ұйықтаған ит барады... дей келе, сұраққа толық жауап бермесе деп тапқырлықпен Мәлс Қосымбаевтың намаз оқымайтыны мен Құраннан хабарсыздығына әңгіме басын бұрады:

...Алдымнан ағам болып табыласың,
Құдайға қашан, Мәке, жағынасың.
Сұрақ қойып ініңді сүріндіріп,
Жеңіске жетер кезді сағынасың.
Бірақ өзің намазға мойын бұрмай,
Құранның түк ұқпайсың мағынасын...

М.Қосымбаев ақындық шешендігін танытпақ болған сауалының жауабын өзі былай жырлады:

...Пейішке барады дейтұғын,
Екі жансыз дегенім:
Біреуі –Мұсаның аса таяғы,
Біреуі –Ыдырыстың киген кебісі.

Екі арам дегенім:
Біреуі –Айсаның мінген есегі,
Біреуі –Қытымыр деген қызыл ит.
Ойлауымша шамалы.
Менің де мына алдыңда,
Айтатыным, ағайын, –
Шалдардың сөзі баяғы.
Осылай болад, Мұқажан,
Әңгіменің аяғы...

Мұхамеджан Тазабеков:

Тапсыншы дұрыс жолдан халық тұрақ,
Үзеңгіге ақын аяқ салып тұрад.
Әлгі қойған сұрағыңа ризамын,
Ел есіне ізгілікті салып бірақ.
Төрт нәрсені білмедің деп кінәламас,
Бес парызды сұрайтыны анық бірақ [11, 9-13], – деп тапқырлық пен суырып салмалықпен тосыннан қойылған сауалға оңтайлы шешім таба біліп, айтыс диалогын жасай алды.

Кезекті сәтті шыққан айтыс диалогын Баянғали Әлімжанов пен Аманжол Әлтаевтың айтысынан келтіретін болсақ,

Баянғали Әлімжанов:

...Мен сенен тұрған жоқпын сасайын деп,
Айтыстан және бүгін қашайын деп.
«Ау, ау» -деп айғайласам мен ойлаймын,
Ел мұңын естімейтін астаналық
Дөкейлердің құлағын ашайын деп....
...Аманжол, шошынасың қырасың деп,
Ағаңмен қан майданға шығасың кеп.
Шыға сала неге сонша зәрең кетті,
Ініңді иегінен ұрасың деп.
Тарихтың қызық-қызық доңғалағы,
Ақынды ақын сыйлар жөн болады.
Алдында қалың елдің біз отырмыз,
Тудырған мені менен сен баланы.
Байекең оң қолымен бір-ақ тартса,

Аманжол, бауырым-ау нең қалады?... Аманжолдың алдыңғы сөзінде «Ау, ау деп неге айқайлайсың» деп кекеткені болатын, ініңізді иектен ұратындай сыңай танытып отырсыз деп Баянғалидың бокстан хабары барын, яғни ол жөнінде ақпарат қарастырып келгенін де байқатып отыр. Аманжолдың сол сөздеріне оңды жауап боп төгілген шумақтар еді.

Аманжол Әлтаев:

Көліме алты Алашым ғашық еді,
Талайлар жырдаң шашу шашып еді.
Шашубайдың әндерін тыңдап өскен,
Бұл өңірдің құлағы ашық еді.
...Басталған Көкшетаудан жол болыңыз,
Інілерге келгенде мол болыңыз.
Қырғыздың дастандарын айтушы едің,
Киелі Манастардай зор болыңыз.
Иектен Аманжолды ұрамын деп,
Сынып кетіп жүрмесін оң қолыңыз.
Осалдық мінезіңді елің көрмес,
Сүрініп, тайғаныңды жерің көрмес.
Көрікті Көкшетаудың өр баласын,

Балқаштың асыл халқы тегін көрмес.

Қазақтың қарапайым сөзі бар ғой,

Елуде еңкейгенмен ебің келмес...

Баянғалидың ау деп айқайласам, астаналық дөкейлердің құлағын ашайын деп айтып едім деген жауабына Аманжолдың да қарсы ойы «Шашубайдың әндерін тыңдап өскен, Бұл өңірдің құлағы ашық еді» деп орынды шықты. Баянғалидың «оң қолыммен бір тартсам» деген жолына «Қазақтың қарапайым сөзі бар ғой, Елуде еңкейгенмен ебің келмес» деген тіркесін сәтімен салды. Жастығында атқарған істерің, көңілің сол баяғыдай сайрағанмен, жас ұлғайғанда көп нәрседен адамның ебі кететінін және оның алдында өзінің жас екенін де есіне сала кетеді.

Баянғали Әлімжанов:

...Аманжол, керегі не дау, егестің,

Байқаймын сен де бүгін сау емессің.

Ағыбайлап қарсы маған шабатындай,

Мен саған сырттан келген жау емеспін.

Жырымды туған елге арнап жүрмін,

Ел мұңын әрқашанда толғап жүрмін.

Мұхтар атам, Шоқан мен Әлкейдейін,

Арасын қырғыз-қазақ жалғап жүрмін...

Ағалық ақыл танытып, «Аманжол, керегі не дау, егестің» деп, «Ағыбайлап қарсы шабатындай, сырттан келген жау еместігін» білдіреді.

Аманжол Әлтаев:

...Досыма сілтемедім шоқпарымды,

Батырлар таңдандырған көк тәңірді.

Біз бүгін бағаламай жүргендейміз,

Хас батыр ортаңдағы Тоқтарымды.

Сұңқарың қайда халқым аспандағы?

Еліміз тәуелсіздік алған шақта,

Батырдың аумасыншы бастан бағы.

Бүгінгі әуе күшін еліміздің,

Жөн болады Тоқтардың басқарғаны.

Осылайша ағаның салған жолына ілесе, дауды доғарып, «Біз бүгін бағаламай жүргендейміз, Хас батыр ортаңдағы Тоқтарымды» деп, тақырыпты Тоқтар Әубәкіровке бұра, «Бүгінгі әуе күшін еліміздің, Жөн болады Тоқтардың басқарғаны» деген ұсыныс тастайды.

Баянғали Әлімжанов:

Ағайын, дәйім жақсы күйің болсын,

Той болып, дәл осындай жиын болсын.

«Әумин!» деп барлығымыз бет сипайық,

Сөзіне Аманжолдың түйін болсын...

Сақтасын біз жұлқысып алысқаннан,

Жазбасын жақсылықпен табысқаннан.

Кенесары, Наурызбай, Ағыбайлар

Жарбаңдап бір-бірімен алыспаған.

Аталар қасиетті қайда кетті,

Күн сайын бізден ары алыстаған?..

Інінің бастамасына қолдау танытып, «Әумин!» деп барлығымыз бет сипайық, Сөзіне Аманжолдың түйін болсын» деп ниеттестігін жеткізеді. Әрі «Сақтасын біз жұлқысып алысқаннан» дей келе, ел ішіндегі ауызбіршіліктен айырмауын тілейді. Оған Алдыңғы буын батырларын үлгі етеді. Күн сайын алыстап, тарих қойнауына сіңіп бара жатқан алыптардан өнеге алуға шақырады [1, 57-69].

Айтыс қорытындысын әр кез арнайы тағайындалған қазылар бағалауымен шешілгенімен, көпшілік тыңдарман көзқарасы мен пікірі ескеріліп отырады, кейде халық берген баға жүзеге асып жатады. Негізінде бұндай көріністер айтыс диалогының

публицистикалық қырларын тануға басты белгілер деуге болады [13]. Айтыс құрылымының басты компоненті – диалог десек болады. Оған өнер атауының өзі себеп боп тұр. Яғни, екі адамның кезекпен бір тақырып төңірегінде айтысуынан туындаған. Сондықтан айтыс бойынан диалогқа мысалды тоқтаусыз келтіре беруге болады.

Ал айтыстың монологтік сипатын, әрине, диалогқа қарама-қарсы тұстан іздейміз. Айтыстағы монолог қызметі қарастырылмай келеді. Көп жағдайда айтыс басында не соңында ақындардың өздерін таныстыру мен ойын түю мақсатында толғауы монолог күйінде беріледі. «Монолог (грек. monos бір, жалғыз, лат. logos сөз), монологтік сөйлеу –сөйлеу формасының бір түрі, тыңдаушының пассив қабылдауына байланысты белсенді сөйлеу әрекеті; мәтіннің елеулі үзінділері болып табылады» [6,190]. Монолог тәсілін айтыста ұтымды қолдану көптеп кездеседі. Әсіресе сөз бастау қиын демекші, айтыстың басында ақынның өзін таныстыруы, айтыс тақырыбын ашуы монолог түрінде беріледі. Қарсыласын тұқыртып, өзін де, келген елін де мақтап, «дәрежесін» өсіретін шығармашылық өнерін байқататын тәсілі де осы –монологта байқалады. Тақырыпты тереңінен ашылуы да монолог арқылы жүзеге асады. Ақындар ел көкейіндегі мәселені жырға қосып, «Ой түбінде жатқан сөз, Шер толқытса шығады» деген Асан қайғы толғауында көрсеткендей, сахна төрінде көптің шерін тарқату мақсатында ұзақ толғаулар ағытылады. Міне, осы тұста ақындар көптен көкейінде жүрген ойын «аттың басын жіберген бәйге аттарындай шауып» барлап келіп, сәл тарқатылған соң, қайта қарсыласына оралатын тұстары көп. Осындай жеке шауып, жырдан толғауы, не төкпелетіп жыр нөсерін төгуі монолог арқылы көрінеді. Көбінде айтыскерлердің «жаттанды сөзге әуес» деген сынға ұшырауы да осы монологқа қатысты боп келеді. Себебі ол тұсын айтыскер ақын дайындық барысында әзірлеп, тақырып бойынша ізденіс үстінде қарастырады. Бірақ бәрі бірдей жаттанды сөзбен шығады деп айта алмаймыз. Бойында ақындық таланты жоқ адамға самсап тұрған камера мен мыңдаған көрермен алдында сайысқа түсу екіталай. Бүгінгідей заманауи технологияның дамыған тұсында, аузыңнан шыққан әр сөзінді бір мезетте миллиондаған адам тыңдап, кейін қайта қарауға мүмкіндігі бар аудиторияны оңайлықпен алдау мүмкін емес. Халық –қатал сарапшы, өзі сүзгіден өткізіп, нағыз ақынды суырып алып шығарады. Мәселен, Қонысбай Әбілев пен Шынболат Ділдебаевтың айтысында Қонысбай Әбілевтің түйін сөзі монологтың жақсы үлгісі бола алады:

Біледі ғой Қонысбай,
Өзінің басын қорғауды.
Қайдан ғана үйрендің,
Аға, мұндай қорлауды.
Толға десек толғайын,
Ал, қане, аға, тыңдап көр,
Соңғы мынау толғауды.
Жырдан шашу жұртыңа,
Шаша алғанға не жетсін.
Қатты айғайға мұндайда,
Баса алғанға не жетсін...
...Жыр тұлпарын ерттедік,
Аққу мойын игізіп.
Кірдік талай бәйгеге,
Жал-құйрығын түйгізіп.
Сенім артып ел қалды,
Оқалы шапан кигізіп.
Мағыналы қанша сөз айттық,
Шумаққа жалғыз сыйғызып.
Бауыр боп қалғай екеуміз,
Төске төсті тигізіп.
Құшаққа алып ініңді
Тарасаңыз қайтеді,

Бетіңізден сүйгізіп [4,38-39]. Яғни айтыс аяғындағы Қонысбай ақынның көрермен алдында берілген аз уақытта «Жырдан шашу жұртыңа, Шаша алғанға не жетсін. Қатты айғайға мұндайда, Баса алғанға не жетсін» дей келе, «Жыр тұлпарын ерттеп» біршама тақырыпты толғап: «Мағыналы қанша сөз айттық, Шумаққа жалғыз сыйғызып. Бауыр боп қалғай екеуміз, Төске төсті тигізіп», –деп, сыйластықты сақтап қалуға шақырған сөз соңы нағыз ақындарға лайық өнегелі іс болды.

Және тағы монологқа мысал қарастыра кетсек, Батыс Қазақстанның жойқын дариядай адуынды Мәлс Қосымбаевтың салмақты сөз саптаушы Мұхамеджан Тазабековпен айтысындағы сөз басы монологтың керемет үлгілерінен деп айта аламыз.

Мәлс Қосымбаев:

Айтыс деп бәрін жиған шаруаның,
Мен қайтсем көңіліңнен табыламын.
Мұндағы өлең сөздің құдіреті,
Қазақтың қоздыратын қаны барын.
Тәуелсіздігіміздің арқасы ғой,
Ақынның айтыстырған жаны барын.
Сыйындым атам Бекет аруағына,
Сөзімнен сені айтпасам жаңыламын.
Айтыста анау бар деп, мынау бар деп,
Түгендеп жатыр халық танығанын.
Көк бөрінің емгесін көкірегін,
Әуелден уызыма жарығанмын.
Мысалы, қан жұқпайтын қара алмастай,
Қараған дұшпан көзін қарығаным.
Әулиедей кейпіңнен, айналайын,
Наннан емес, намыстан арығаным.
Өзіңдей өр халықтың перзентімін,
Мен неге дүниеден тарыламын.
Хандардың қасиетті ордасындай,
Армысың, менің ата шаңырағым...

[<https://youtu.be/jbfa1LyNUfU?si=aCGF3LDTP1PkwOoc>]

Өзінің болмысына тән қызба Мәлс ақынның отты сөздері осал жанның мысын басары сөзсіз. «Көк бөрінің емгесін көкірегін, Әуелден уызыма жарығанмын» деген жолдарымен қазақи танымға сай сөз саптауы мен тіл байлығын да танытып қалды. «Наннан емес, намыстан арығаным, Өзіңдей өр халықтың перзентімін, Мен неге дүниеден тарыламын» деп қарсыласын тұқыртып, жон арқасына жал бітіре жыр сайысына суырылып шығады.

Монолог тәсілін қолданған бөлігін көбінде жаттанды деп сынға ұшыратудың жөні бар. Себебі тоқтаусыз тасқынды судай жан-жағын жапыра жырлағанда, жай адамға жаттанды жырдай көрінені сөзсіз. Ал негізі ақындық дарыны жоқ адамға жырды жаттап айтудың өзі зор күш болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диалог пен монолог күрделі тілдік категория ғана емес, сонымен қатар сөз өнерінің ең негізгі және маңызды көркемдік әдістерінің бірі болып табылады. «Сөз өнері туындылары тегіне қарай «лирика», «эпос», «драма» түріндегі үш жанрға бөлінетіні баршаға аян. Бұл жанрлар ішінде диалог пен монологтың үлес салмағы зор екені даусыз. Халық лирикасының жар-жар, бәдік айтысы, өлі мен тірі айтысы, адам мен жануардың айтысы, сұрақтама, қызықтама және тағы сол сияқты диалогсыз елестету мүмкін емес жанрларымен қатар, әдетте, монолог түрінде орындалатын көптеген үлгілерде диалог араласып, елеулі рөл атқаратын жағдайлар жиі байқалады» [10,19].

Қарапайым сөйлесу, күнделікті адами қарым-қатынастың диалогы мен монологы уақыт өте келе көркем ойлау мен шығармашылықтың туындысына айналады. Айтылымдағы диалог пен монолог ұғымы көркем ойлау жүйесіндегі күрделі, дамыған өнер дәрежесінде танылады. Осылайша, халық алдында тартысты өнер туындайды. Тіпті тек монолог немесе тек диалог толық айтысты құрай алмайды. Екеуі бір-бірін толықтырып, келіскен кезде ғана біз бүтін өнерді тамашалай аламыз.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР ҒжЖБ 2023-2025 жылдарға арналған ЖСН АР 19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» атты ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Нұрахметұлы И., Дүйсенғазин С. «Қазіргі айтыс» 1-кітап.—Астана: «Күлтегін» баспасы, 2006. -312 бет.
- 2 Сейітжанов З.Н. Қазіргі айтыстың тақырыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктері // Керуен. – 2022. – №4, 77-том. – Б. 24–35. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-01>
- 3 Жармұхамедұлы М.Айтыс. – Алматы:Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990. -52 б.
- 4 Адиева П.М. Қазақ фольклорындағы диалогтың көркемдік қызметі. 10.01.09 – Фольклортану филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты.- Алматы, 2010.-45 б.
- 5 Мехмет А.Й. Айтыс жанрының типологиясы (Қазақ және түрік халықтары материалдарының негізінде) 10.01.09 – Фольклортану филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2010. – 45 б.
- 6 Дуанаева С.А. Қазіргі ақындар айтысы. Ф.ғ.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис. - Алматы, 1997.-282 б.
- 7 Mursalimova N., Oralbek A., Aça M. Kazak halkinin aitys sanati // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. – 2022. – Т. 15. – №. 38. – С. 469-480. <https://doi.org/10.12981/mahder.1097528>
- 8 Жақыпов Ж. Айтыстағы диалог. // Көкейтесті әдебиеттану. –Астана: Күлтегін, 2003. – Б.41-49.
- 9 Иманғалиева Г.С. Типология диалога (на материал казахского и русского языков): Дис. На соискание ученой степени канд.филол.наук. -Алматы, 1999. – 50 с.
- 10 Айтұлы Н., Дүйсенғазин С. Қазіргі айтыс 2-кітап.—Астана: «Күлтегін» баспасы, 2006. - 336 б.
- 11 Kenzheahmetuly S. Aitys.Traditional music of Kazakhs // Life and culture of Kazakh people. – Almaty:«Guide to Kazakhstan» Baur Publishing House, 2022.p.142-149
- 12 Saudbayeva M. et all.Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science, 2014. Volume 122. p.72-76 <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.01.1305>
- 13 Mursalimova N. et all Kazak halkinin aytis sanati// Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022. Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469-480 <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022>
- 14 Mursalimova N.M., Oralbek A. Characteristics of the aitys genre among kazakh and turkish people// научный журнал "Керуен" №3, том 80, 2023. - 25 с.
- 15 Berdibayeva S. et all. Psychological nature of the art of aitys // Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. – Vol. 1, №383, – P. 235–241. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.999>

Материал 01.07.2025 баспаға түсті

Особенности диалога и монолога в айтысе

Г.Т. Тлеубердина¹, Г.М. Каналина¹, А.Б.Манас¹, К.А.Толеубаева²

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

²Карагандинский Национальный-исследовательский университет Е.Букетова, Караганда, 100024, Казахстан

Можно сказать, что одно из наших синкретических искусств, издревле переплетающихся с жизнью народа, является айтыс. Это искусство, которое будоражит кровь зрителя и заставляет его болеть душой, в этой статье мы заглянем в истоки этого искусства и проанализируем его структуру. Сегодня истоки этого известного искусства и его особенности не получили широкого раскрытия. В этой статье рассматривается значение и основные особенности жанра традиционной устной литературы казахского народа — искусства айтыса. Айтыс описывается как вид искусства, играющий важную роль в культуре народа и распространении информации. В статье анализируется диалоговая структура айтыса, его исторические корни, а также взаимодействие айтыскерлеров с народом и их поэтическое мастерство. На основе трудов ученых исследуется формирование айтыса как поэтического диалога, его социально-культурная функция и традиционные характеристики. Подчеркивается важность айтыса и его место в казахской литературе и культуре. Понятия диалога и монолога многим знакомы, но мы расскажем об их роли в айтысе. Мы постарались раскрыть диалогический и монологический аспекты айтыса и привести примеры из произведений поэтов-песенников. В частности, мы проводим исследования айтыса в нашей традиции и его важных моментов в нашей жизни, основываясь на работах ученых, занимающихся айтысом. Будет проанализировано рациональное использование диалога и монолога поэтами-айтыскерами в своих целях перед публикой, находящее путь к сердцам слушателей. Известно, что искусство айтыс, по-прежнему, требует всестороннего изучения, и мы нацелились на один такой аспект — диалог и монолог в структуре айтыса.

Ключевые слова: Айтыс, диалог в айтысе, монолог айтыса, современный айтыс, проблема айтыса.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Нурахметулы И., Дуйсенгазин С. «Современный айтыс» 1-книга. — Астана: Издательство «Культегин», 2006. — 312 с.
- 2 Сеитжанов З.Н. Тематические, идейные и жанровые особенности современного айтыса // Керуен. — 2022. — №4, том 77. — С. 24–35. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-01>.
- 3 Жармухамедулы М. Айтыс. — Алматы: Казахская ССР «Білім» общество, 1990. — 52 с.
- 4 Адиева П.М. Художественная функция диалога в казахском фольклоре. 10.01.09 — диссертация на соискание учёной степени кандидата филологических наук по фольклористике. — Алматы, 2010. — 45 с.
- 5 Мехмет А.Й. Типология жанра айтыс (на основе материалов казахского и турецкого народов). 10.01.09 — диссертация на соискание учёной степени кандидата филологических наук по фольклористике. — Алматы, 2010. — 45 с.
- 6 Дуанаева С.А. Современный айтыс поэтов. Кандидатская диссертация. — Алматы, 1997. 282 с.
- 7 Mursalimova N., Oralbek A., Aça M. Kazak halkinin aytys sanati // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. — 2022. — Т. 15. — №. 38. — С. 469-480. <https://doi.org/10.12981/mahder.1097528>
- 8 Жакипов Ж. Диалог в айтысе // Кокейтести литературоведение. — Астана: Культегин, 2003. — С. 41-49
- 9 Имангалиева Г.С. Типология диалога (на материале казахского и русского языков): диссертация на соискание учёной степени кандидата филологических наук. — Алматы, 1999. — 50 с.

- 10 Айтулы Н., Дуйсенгазин С. «Современный айтыс» 2-книга. – Астана: Издательство «Культегин», 2006. – 336 с.
- 11 Kenzheahmetuly S. Aitys.Traditional music of Kazakhs // Life and culture of Kazakh people. – Almaty:«Guide to Kazakhstan» Baur Publishing House, 2022.p.142-149
- 12 Saudbayeva M. et all.Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science, 2014. Volume 122. p.72-76 <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.01.1305>
- 13 Mursalimova N. et all Kazak halkinin aytis sanati// Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022. Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469-480 <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022>
- 14 Mursalimova N.M., Oralbek A. Characteristics of the aitys genre among kazakh and turkish people// научный журнал "Керуен" №3, том 80, 2023. - 25 с.
- 15 Berdibayeva S. et all. Psychological nature of the art of aitys // Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. – Vol. 1, №383, – P. 235–241. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.999>

Материал поступил в редакцию журнала 01.07.2025

Activities of dialogue and monologue in aitys

G. Tleuberdina¹, G. Kanalina¹, A. Manas¹, K. Toleubayeva²

¹Kokshetau University named after sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Kazakhstan.

²Karaganda National Research University E. Buketov, Karaganda, 100024, Kazakhstan

We can say that one of our syncretic interests, which diverges from the life of the people, is aitys. This is a study that allows you to increase the harvest and facilitate the life of the soul, in this article we will consider this study and analyze its structure. To date, this unique identity and its identity have not been obtained. This article explores the significance and main characteristics of the traditional oral literature genre of the Kazakh people — the art of aitys. Aitys is described as an art form that plays an important role in the culture of the people and in the dissemination of information. The article analyzes the dialogic structure of aitys, its historical roots, as well as the interaction between aitys performers and the people, and their poetic skill. Based on scholars' works, the formation of aitys as a poetic dialogue, its socio-cultural function, and traditional features are studied. The importance of aitys and its place in Kazakh literature and culture are highlighted. Dialogue and monologue have many meanings, but we are talking about them in the story. Dialogue and monologue aspects of aitys, samples of the works of the poet-aitysker were discussed. In particular, we carry out research in our profession and its most important moments in our lives, based on the work of students who work at aitys. The rational use of dialogue and monologue of poems is discussed-aitysker in his address to the people, the way to the servants of the heart. It is clear that the search for aitys will be comprehensive in relation to the past, and we have come to one such aspect-dialogue and monologue in the structure of aitys.

Key words: Aitys, dialogue in aitys, monologue in aitys, modern aitys, problem in aitys.

REFERENCES

- 1 Nurakhmetuly I., Duysengazin S. Modern Aitys. Book 1. – Astana: Kultegin Publishing House, 2006. – 312 p.
- 2 Seitjanov Z.N. Thematic, ideological, and genre features of modern aitys // Keruen. – 2022. – No. 4, vol. 77. – Pp. 24–35. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-01>
- 3 Zharmukhameduly M. Aitys. – Almaty: Kazakh SSR “Bilim” Society, 1990. – 52 p.
- 4 Adieva P.M. Artistic function of dialogue in Kazakh folklore. 10.01.09 – Candidate of Philological Sciences dissertation in folklore studies. – Almaty, 2010. – 45 p.
- 5 Mehmet A.Y. Typology of the aitys genre (based on materials of Kazakh and Turkish peoples). 10.01.09 – Candidate of Philological Sciences dissertation in folklore studies. – Almaty, 2010. – 45 p.

- 6 Duanaeva S.A. Contemporary aitys of poets. Candidate dissertation. – Almaty, 1997. – 282 p.
- 7 Mursalimova N., Oralbek A., Aça M. Kazak halkinin aitys sanati // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. – 2022. – T. 15. – №. 38. – С. 469-480. <https://doi.org/10.12981/mahder.1097528>
- 8 Zhakipov Zh. Dialogue in Aitys // Kokeitesti Literary Studies. – Astana: Kultegin, 2003. – Pp. 41–49.
- 9 Imangaliyeva G.S. Typology of Dialogue (based on Kazakh and Russian languages): dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences. – Almaty, 1999. – 50 p.
- 10 Aituly N., Duysengazin S. Modern Aitys. Book 2. – Astana: Kultegin Publishing House, 2006. – 336 p.
- 11 Kenzheahmetuly S. Aitys.Traditional music of Kazakhs // Life and culture of Kazakh people. – Almaty:«Guide to Kazakhstan» Baur Publishing House, 2022.p.142-149
- 12 Saudbayeva M. et all.Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science, 2014. Volume 122. p.72-76 <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.01.1305>
- 13 Mursalimova N. et all Kazak halkinin aytis sanati// Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022. Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469-480 <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022>
- 14 Mursalimova N.M., Oralbek A. Characteristics of the Aitys Genre among Kazakh and Turkish People // Scientific Journal Keruen, No. 3, Vol. 80, 2023. – 25 p.
- 15 Berdibayeva S. et all. Psychological nature of the art of aitys // Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. – Vol. 1, №383, – P. 235–241. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.999>

Received: 01.07.2025